

Кіріспе

Қазіргі уақытта Жоғарғы оқу орындарының бағдарламалары 050709-«Металлургия» мамандығы бойынша металдарды илемдеу теориясы пәні бойынша зертханалық жұмыстарды ескереді.

Зертханалық жұмыстардың мағынасы және түрі курстің бағдарламасына қатал сәйкес болмайды. Ол кафедра жабдықтарының құрамына лайықты және тәуелді болады.

Технология бойынша лабораториялық жұмыстар қорғасын илемдеуімен немесе ыстық болат илемдеуі арқылы орындалады. Әрбір әдістің өз тиімділігі және кемшілігі болатынын атап айтуға болады.

Қорғасын илемдеуінде әрбір өтуден кейін «Үлгіге» қажетті өлшеулерді жасауға және оларды есептік мәліметтермен салыстыруға болады.

Болат илемдеуінің ыстық күй-жағдайында ондай мүмкіншілік жоқ болады. Тәжірибелік үлгілердің мөлшерлері аз, сол себепті олар өте жылдам суылады. Өткен сайын металлдың мөлшерлерін және температурасын анықтау қиын. Бұл жағдайда әрбір өтуден кейін «недокат»ты алу және оны салқын күйінде өлшеу керек. Әрбір «недокат»қа бір үлгі жұмсалады.

Студенттер өздері «недокат»тан темплет даярлайды, миллиметровкада оларды айналдырып сызады және деформациясының түрін зерттейді.

Зертханада қорғасын илемдеуін жүргізу оңай және ыңғайлы, бірақ металл ағымдылығының заңдылықтары ыстық болат илемдеуінен айырмашылығы болса да оның мағынасы маңызды бола алмайды.

Айтып кететін жағдай илемдеудің параметрлерін есептеу барысында әртүрлі коэффициенттерді жиі қолдануға тура келеді келеді, олардың мағынасы домалатып жатқан металлдың қасиеттеріне, илемдеу жылдамдығына, пішінбіліктердің бет күй-жағдайларына және басқа факторларға тәуелді болады. Мысалы, металл аралық қажалу коэффициентін анықтайтын формулалар көп жағдайда болат илемдеуіне жатады, олар оқу лабораторияларында қорғасын илемдеуін жүргізгенде пайдаға аспайды. Сондықтан нұсқауларда әртүрлі жылдамдықтағы қорғасын илемдеуі арқылы лабораториялық жолмен алынған шақтамалы қарпу бұрышының, кеңею көрсеткішінің тәжірибелік мағыналары беріледі.

Жұмыс аяқталғаннан кейін :

1. Рубильниктер және өлшеу аспаптарының барлығын өшіру керек ;
2. Жұмысшы және өлшеу құралдарын барлығын орынына қою керек ;
3. Илемдеу станын және оның айналасындағы жұмыс алаңын ретіне келтіру;
4. Тығыз қысылған пішінбілікті қалдырмау .

Есеп беру нәтижелерінің мағынасы :

1. аты және жұмыс мақсаты ;
2. курстың, бөлімнің қысқаша мәлімдемесі.;
3. өткізілген жұмыс қысқаша суреттемесі ;
4. зерттеу нәтижесі, тәжірибелік тәуелділіктер, тәжірибелік және есептік мәліметтерді салыстыру;
5. қорытынды ;

Осындай нәтижеге есеп беруден кейін студент оны қорғайды және келесі жұмысты орындауға рұқсат алады .

№ 1 Зертханалық жұмыс. Жабдықтармен, құралдармен және жұмыс әдістерімен танысу

1.1 Жалпы мәліметтер


Қауіпсіздік техникасы зертханалық тәжірибелерде өте маңызды болады. Өндірістің әртүрлі зиянды әсерін болдырмау, еңбек жағдайын жақсарту , жұмыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету — мұның бәрі арнайы органдардың және мекемелердің міндетті мақсатын құрайды .

Практикалық жұмыс дағдылары тиісті қауіпсіздік техникасының ережелерін қолдануды білуді талап етеді. Оған : жұмыс орнын дайындау, механизмдерді, олардың әртүрлі құрылғыларын, аспаптарды дайындау, механизмді іске қосу (көптеген жағдайда), механизм-мен және өңделетін металмен байланысты қолдық операцияларды жүргізу , жұмысты лайықты іскерлікпен аяқтау жатады. Қазіргі заманның техникасының ерекше бір айырмашылығы оларда істелген бұйымдардың өлшемдерінің өте дәл болуы. Сондықтан техникалық механизм-дерінің дұрыс жұмыс істеуіне, қолмен жасалатын операциялардың дәлдігіне ерекше қатал талап қойылады. Бұйымдардың дәлдігіне қойылатын талап оларды өлшейтін дәлдігі сәйкес өлшеу техникасы болуын керек етті. Ол өлшеу әдістерінің жаңа түрлерін, және жаңа құралдар мен аспаптарды қолдануға себеп болды. Оның бір мысалы жұмыстың дәлдігі сортты илемдеу (ручьевая прокатка) шығаруда қажет болса оған қоса табақты және ленталы илемді шығаруға қойылатын қатаң талапқа сәйкес болуы керек.

Сонымен қатар илемдеуді толассыз өлшейтін автоматты құралдарды, шкаланы бақылау мүмкіншілігімен, жолақты илемдеу уақытында қысуды реттеуді (өлшеу нәтижесіне тәуелді) қолданумен қатар қарапайым үлгідегі қолдық өлшеу құралдары (микрометрлер , пальмерлер және б .) қолданылады.

1.2 Қауіпсіздік техникасының илемдеу кезіндегі негізгі ережелері.

1. Алдымен жұмыс басында станды қарап шығу және тексеру қажет:
 - а) пішінбіліктердің мойындарында және айгөлектерде май болуын;
 - б) басу құралының дұрыс істеуін;
 - в) көтергіш үстел және желілер қалыпын ;
 - г) шпиндельдердегі қосу муфталарның дұрыс бекітілуін ;
 - д) барлық қоршаулардың орнында болуын, шпиндельдердің айналасында қаптамалар, сақтандыратын құрылғыларды айналасыдағы кішкентай қалқандар ж.б..
2. Пішінбіліктер және стандағы жұмыс орны жақсы жарықтанған болуы тиісті.
3. Станды іске қосудың алдында оның іске қосылуы туралы станда жұмыс істейтін жұмысшыларды алдын ала ескерту керек.
- 4 Станның жұмыс істеп тұрған кезінде сымдарды орналастыруға, қайта орналастыруға, қоршауларды ашуға немесе алып тастауға қатаң тыйым салынады.



1.1 сурет –Пішінбіліктерді сүрту.

5. Пішінбіліктерді оларға металл кіретін жағынан сүртуге және майлауға (сурет 1.1), үзілді кесілді тыйым салынады, сонымен қатар алдыңғы үстел және сымдарды тазалауға болмайды.


6. Басу құралын реттеу үшін станның жұмысы уақыты кезінде үстелдің алдына немесе қапастың көтерме станинасына тұруға тыйым салынады .

7. Қысқа жолақтарды илемдеу кезінде оларды пішінбіліктерге салу үшін қосалқы ағаш таяқшаларын пайдалануға міндетті (пішінбіліктерге қолдардың тию мүмкіншілігін шектейтін. 1.2 суреті).


8.Ұзын жолақтарды илемдеу кезінде илемдейтін үлгінің еніне орналастырылған сымдарды пайдалану қажет, ол металлдың жанына ығысып кетуден қорғайды. Ал егер сымдарды әртүрлі себептермен орналастыруға болмайтын болса жолақтың пішінбіліктерге дұрыс перпендикулярлы берілуін мұқият қадағалау керек, жолақтың артында тұрып жолақты жанынан емес, артынан ұстап тұру керек (сурет 1.3), басқа жағдайда жолақ жанына жылжып кетсе жұмысшының саусағын немесе қолын қысып қалуы мүмкін.

9. Жолақты жоғарғы пішінбіліктер арқылы кері беру кезінде станның алдында тұрған жұмысшыға тиіп кетпеуін қадағалау керек.

10.Егер жолақты беру кезінде пішінбіліктер оны тартып кетпесе жоғарғы пішінбіліктерді көтеру не түсіру керек,немесе жолақтың шетін жіңішкерту керек. Металлды күшпен, дененің салмағымен итеріп пішінбіліктерге кіргізуге үзілді кесілді тыйым салынады.



1.2 –Сурет. Пішінбіліктерге қысқа жолақтарды ағаш кесінділердің көмегімен беру.



1.3 –Сурет. Үлгілерді пішінбіліктерге беру.

11. Үзілді кесілді тыйым салынады:

- а) Станға сүйенуге ;
- б) Әңгімелермен көңілді алаңдатып жан-жаққа қарауға ;
- в) Станның жанында киімді айқара жүру;
- г) Станның айналып тұрған механизмдерінің жанында киіну немесе шешіну ;
- д) Стандағы жұмысты бөгде адамдардың орындауына рұқсат ету ;
- е) Бөтен заттарды илемдеп жазу : тап осы жұмысқа қатысты емес үлгілерді, металл кесіндісін , ақшалар , ұстаралардың жүздері және т.б.

Жоғарыда айтылған илемдеу процессіне қатысты қауіпсіздік техникасының ережелері жалпыға бірдей болады, олардың орындалуы оқу лабораториясының жұмысына да қатысты.. Сонымен қатар, әрбір бөлек механизмге тиісті сақтану, және қауіпсіздік ережелері сақталуы керек (Илемдеу станына, қайшыларға , дұрыстау машинасына және т.б.), олар әрбір механизм жанында ілінген нұсқауларда баяндалады . Лабораторияда немесе басқа механизмде жұмысқа кірісуден бұрын, барлық нұсқаулар мұқият оқылып танысылуы тиіс.

1.3 Станды күйге келтіру


1.3.1 Пішінбіліктерді жөнге салу.

1) горизонтальдық жазықтықта пішінбіліктер келесі ретте жөнге салынады. Жұмысшы және тісті дөңгелек торды қозғалтқыштан айырады, жалғастыру пішінбіліктері және муфталар алынады. барлық жинайды. Содан соң пішінбіліктердің барлығы суырылып алынады, басқа биіктікке қозғалмайтын (дуо торында әдетте төменгі десте қозғалмайды, ал триода - ортаңғы). Пішінбіліктермен бірге жастықтар және қосымша беттерді аластатады. Тек қана күрделі жөндеу кезінде тісті доңғалақтар суырылып алынады.

Содан соң барлық қозғалмайтын пішінбіліктерді (ал қажеттілік жағдайда қозғалмайтын тісті доңғалақты) ватерпасты сызығышпен тексереді, бөшке бетіне басады және пішінбіліктерді болат сыналардың көмегімен қатал горизонтальды қондырады, ал егер ол жоқ болса жіңішке болат жолақтарды салулардың немесе жастықтың бүкіл жазығының астына салады.

2) барлық жұмысшы және тісті дөңгелек қапастың пішінбіліктері бір вертикалды жазықта жатуы тиіс.

3) пішінбіліктер горизонтальды жатуға тиісті және бір біріне паралельді болуы керек.



1.4 – Сурет Станның орналасу бағытын реттегенде отвестердің орналасуы.

Пішінбіліктердің параллельдігін жөнге салуды басатын бұрандалармен, сыналармен немесе жолақ салулармен жүргізеді және пішінбіліктер аралық саңылауға қуыс шыбықты салу арқылы өлшеп тексереді.

Лабораториялық жұмыстың аяғында кіріспедегі талаптарға сәйкес нәтижеге есеп беріледі.

№ 2 Зертханалық жұмыс. Көлемнің тұрақтылығының теңдеуі және илемдеу кезіндегі түр өзгерту (деформация) коэффициенттері

2.1 Жалпы мәліметтер

Осы жұмысты мақсаты — үлкен практикалық қолдануы бар негізгі теңдеумен таныстыру. Оған сәйкес металлдың түр деформациядан кейінгі көлемі оның деформацияға дейінгі көлеміне сәйкес деп қабылданады. Тік бұрышты параллелепипед денеге арналған, өңделетін металл дененің көлемінің тұрақтылығы теңдеуі, дененің үш осі бойынша деформацияға дейінгі және кейінгі көлеміне келесі байланыс береді:

$$h_0 b_0 \cdot l_0 = h_1 b_1 l_1 \quad (2.1)$$

Осыдан :

$$\frac{h_0}{h_1} = \frac{l_1}{l_0} \cdot \frac{b_1}{b_0} \quad (2.2)$$

Илемдеу кезінде алдын ала берілген (пішінбіліктердің құруы) жолақтың биіктігінің деформациясы $\frac{h_0}{h_1}$, болады, ал ұзындық деформациясы немесе созылуды $\mu = \frac{l_1}{l_0}$ көлденең

түр деформация мөлшерін $\beta = \frac{b_1}{b_0}$ дәл білгенде ғана анықтауға болады. Кейбір жағдайларда (кең жолақтар , жалпақ жапырақтар) $b_1 = b_0$ немесе $\frac{b_1}{b_0} = 1$ деп болжауға әбден мүмкін.

Сонда «көлемнің тұрақтылығы теңдеуінен» мынадай нәтиже аламыз:

$$\frac{h_0}{h_1} = \frac{l_1}{l_0} = \mu \quad (2.3)$$

Егер жолақтың абсолютті қысылуына сүйенетін болсақ $h_0 - h_1$, ол жолақты пішінбіліктердің тартып әкету мәселелері тұрғысынан өте ыңғайлы, және осы мөлшердің, пішінбіліктердің диаметрі, шақтамалы қарпу бұрышының қатынасына байланысты $\frac{h_0}{h_1}$ орнына $\frac{h_0 - h_1}{h_1} + 1$ жазуға болады, және осыған сүйене отырып тәжірибеде кең қолданылатын бірқатар мөлшерді пайдануға мүмкіндік туады:

$$\mu = \frac{l_1}{l_0} = \frac{h_0}{h_1} = \frac{h_0 - h_1}{h_1} + 1 \quad (2.4)$$

Немесе

$$\frac{h_0 - h_1}{h_1} = \mu - 1. \quad (2.5)$$

Бұдан басқа

$$\frac{h_0 - h_1}{h_1} = 1 - \frac{h_1}{h_0} = 1 - \frac{1}{\mu} \quad (2.6)$$

Немесе

$$\mu = \frac{1}{1 - \frac{h_0 - h_1}{h_0}}. \quad (2.7)$$

Сол кезде

$$\frac{\frac{h_0 - h_1}{h_1}}{\frac{h_0 - h_1}{h_0}} = \frac{h_0}{h_1} = \mu \quad (2.8)$$

Металлды h_0 жуандығынан h_1 дейін қысқанда дененің берілген мөлшері жүйелі түрде өзгертін болғандықтан салыстырмалы түр деформациясын осы жүйелі процессті ескере отырып бағалау дұрыстау болады, бұл логарифмдік түр көрсеткішін береді : $\ln \frac{h_0}{h_1}$,

бұл коэффициенттер арасындағы орта арифметикалық мөлшерден біршама аз

$$\frac{h_0 - h_1}{h_1} \quad \text{және} \quad \frac{h_0 - h_1}{h_0}.$$

Логарифмдік көрсеткіш деформацияның металл қасиеттеріне әсерін көрсететін ғылыми зерттеулерде жиірек қолданылады, деформация жұмыстарының сұрақтарында және т.б.; Ал илемдеу өндірісінің тәжірибесінде жоғарыда көрсетілген коэффициенттерді жиірек қолданылады, (және басқа олармен байланысты мөлшерлер пайданылады).

Дененің жуандығын немесе ұзындығын өзгерткенде, бірінші жағдайда іс жүздеген рет кіші мөлшерлермен болатынын жеңіл байқауға болады. Жуандық өлшеу дәлдігі осыған орай миллиметрдің жүздік үлестерінде, жолақ ұзындықтары өлшеудің миллиметрлік

өлшеуіне тең бағалы . Осы жағдайды тәжірибеде пайдаланады, илемдеп жазылушы жолақтың жуандығын өлшеудің орнына оның ұзындығын өлшейді..

Көлденең деформация $\frac{b_1}{b_0}$ едәуір дамуға ие болған жағдайда (немесе кеңеюі $b_2 = b_1$), көлем тұрақтылығы теңдеуін мына түрде пайдаланады :

$$\mu = \frac{l_1}{l_0} = \frac{h_0}{h_1} \cdot \frac{b_0}{b_1} = \frac{\sigma_1}{\sigma_2}, \quad (2.9)$$

демек жолақтың көлденең қималарының аудандарын қолданады.

Егер жолақтың негізгі жуандығы h_0 , ал бірінші кіргізуінен кейін h_1 , n кіргізуінен кейін h_n және көлденең деформация мардымсыз болса, әрбір бөлек өткізудің созылуы мынаған тең:

$$(2.10) \quad \left. \begin{aligned} \mu_2 &= \frac{h_1}{h_2} \\ \mu_2 &= \frac{h_1}{h_2} \\ \mu_n &= \frac{h_{n-1}}{h_n} \end{aligned} \right\} .$$

$$(2.11) \quad \left. \begin{aligned} h_0 &= \mu_1 h_1 \\ h_1 &= \mu_2 h_2 \\ h_{n-1} &= \mu_n h_n \end{aligned} \right\} .$$

Лайықты ауыстыру жүргізіп , шығарамыз

$$h_0 = \mu_1 \mu_2 \dots \mu_n h_n. \quad (2.12)$$

Демек , созылу қосындысы

$$\mu_{\Sigma} = \frac{h_0}{h_n} = \mu_1 \cdot \mu_2 \cdot \mu_3 \dots \mu_n. \quad (2-13)$$

Көлденең деформация орын алса лайықты биіктер орнына көлденең қималардың мағыналары енгізеледі

$$\mu_1 = \frac{\sigma_0}{\sigma_1}; \quad \mu_2 = \frac{\sigma_1}{\sigma_2}; \quad \mu_n = \frac{\sigma_{n-1}}{\sigma_n}, \quad (2.14)$$

откуда

$$\mu_{\Sigma} = \frac{\sigma_0}{\sigma_n} = \frac{\sigma_0}{\sigma_1} \cdot \frac{\sigma_1}{\sigma_2} \dots \frac{\sigma_{n-1}}{\sigma_n} = \mu_1 \cdot \mu_2 \cdot \mu_3 \dots \mu_n. \quad (2.15)$$

әрбір кіргізуде тұрақты (орта) созылу μ_{cp} беріледі деп есептеп созылу қосындысын шығарамыз

$$\mu_{\Sigma} = \mu_{cp}^n. \quad (2.16)$$


откуда

$$\mu_{cp} = \sqrt[n]{\mu_{\Sigma}}. \quad (2.17)$$

Осы формулалардың бәрінде n өткізу санын білдіреді , ол әрқашан ω аудандар санынан 1ге азырақ , оларды қолдануға тура келеді, себебі алғашқы берілген жолақтың қима ауданы белгілі ω (дайындаулардың , кесектің) . (2.17).

2.2 Илемдеу кезіндегі металл көлемінің тұрақтылығы

Қорғасыннан немесе алюминийден перпендикуляр қырлы үлгі әзірлейді (2.1 сурет). оның биіктігін $h_0 \approx 7$ мм, енін $b_1 \approx 40$ мм және ұзындығын $l_1 \approx 50$ мм мұқият өлшейді. Есеп дәлірек болу үшін әрбір өлшемді үш нүктеде 1—2—3 жүргізеді. Ол үшін үлгінің негізгі бетіне тор салады (2.1 сурет). Содан соң үлгіні әуелі a бағытында илемдеп жазады, ал соңынан b перпендикуляр бағытында.



2.1-Сурет. Көлем тұрақтылығының шартын тексеруге және илемдеу коэффициенттерін есептеуге арналған үлгі.

Қысу мөлшері парықсыз , тек қана үлгіні пішінділіктерге қатал перпендикуляр қою қажетті. Илемдеуден кейін үлгіні үш орыннан өлшейді. Барлық өлшемдерді кестеге толтырып Δ салыстырмалы қатені есептейді (негізінде өлшеулердің дәлдігіне тәуелді, оған көлем тұрақтылықтарының шарты бұзылуы сәл ғана әсер етеді).

$$D = \frac{HB_1 L_1 - hB_2 L_2}{HB_1 L_1} \times 100\%$$

2.3 Деформация коэффициенттерін есептеу

Қорғасыннан немесе алюминийден мөлшері $l_0 \times b_0 \times h_0$ үлгі әзірлейді (2.1- сурет), 50 x 40 x 7 мм-ге сәйкес (үлгі бетіне торды салмайды).

Оның өткізуге дейінгі өлшемдері таблицаға 0-дік өткізу жолына жазылады. Одан соң үлгіні a бағытымен 5 рет илемдейді. Бір өткізгенде үлгінің қысылуы $h_0 - h_1 \approx 1$ мм.

Әрбір өткізілген сайын қалыңдығын h_n (3 гр. 2 кесте) енін b_n (4 гр.), ұзындығын l_n (5 гр.) өлшейді. Осы деректер бойынша жолақтың қима ауданын табады (6 гр.).

$$\omega = b_1 h_1 : \quad (2.18)$$

Абсолютті қысылу (7 гр.)

$$h_0 - h_1 : \quad (2.19)$$

абсолютті қысылудың жалпы саны (8 гр.)

$$h_0 - h_n : \quad (2.20)$$

Берілген өткізудегі салыстырмалы биіктік қысылу:

а) теңдеу бойынша (9 гр.)

$u_1 = \frac{h_{0n} - h_{1n}}{h_{0n}} 100\%:$	(2.21)
---	--------

б) теңдеу бойынша (10 гр.)

$$u_2 = \frac{h_{0n} - h_{1n}}{h_{0n}} 100\%:$$

(2.22)

в) теңдеу бойынша (гр .11)

$$u_k = In \frac{h_0}{h_1}:$$

(2.23)

биіктік қысылудың салыстырмалы жалпы саны

:

а) теңдеу бойынша (12 гр)

$$u_3 = \frac{h_0 - h_n}{h_0} 100\%:$$

(2.24)

б) теңдеу бойынша (13 гр.)

$$u_4 = \frac{h_0 - h_n}{h_n} 100\%:$$

(2.25)

Көлденең қима мөлшерінің осы өткізудегі салыстырмалы қысылуы (14 гр.):

$$u_5 = \frac{\varpi_{n-1} - \varpi_n}{\varpi_{n-1}} 100\%;$$

(2.26)

Коэффициент немесе созылу дәрежесі немесе кеңеюді еске алмағандағы қарапайым созылуы (15 гр.):

$$\mu = \frac{h_0}{h_1}:$$

(2.27)

1– Кесте Көлем тұрақтылығының теңдеуін тексеру (илемденген үлгінің жуандық және ұзындық өлшеулерінің нәтижелері), мм

өлшеу	h_0	b_0	l_0	h_1	b_1	l_1
1						
2						
3						
ортаңғысы						
...						

2 –Кесте Илемдеу коэффициенттерін есептеу нәтижесі

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19
Номер прохода	$h_0,$ $М$	$H,$ $М$	$b_0,$ $М$	$l_0,$ $М$	$\Omega,$ $мм^2$	h_0 -0	h_0 $-h_n$	u 1	u_2 $\%$	u_3 $\%$	u_4 $\%$	u_5 $\%$	μ	μ_y	μ_L	μ_{Σ}	μ_{Σ}''	μ_{cp}
	$М$	$М$	$М$	$М$		h_1 $М$	$М$	$\%$										

0																				
1																				
2																				
3																				
4																				
5																				

Кеңеюді есепке алғандағы созылу (16 гр.):

$$\mu_{\delta} = \frac{\varpi_{n-1}}{\varpi_n} : \quad (2.28)$$

Нақты созылу (17 гр.):


$$\mu_l = \frac{l_n}{l_{n-1}} : \quad (2.29)$$

Созылудың жалпы саны(жалпы немесе толық) (18 гр.)

$$\mu_c = \mu_1 \cdot \mu_2 \cdot \mu_3 \dots \mu_n \quad (2-30)$$


Немесе (19 гр.)

$$\mu_{\Sigma} = \frac{\varpi_0}{\varpi_n}$$



1) абсолютті қысудың ;2) салыстырмалы қысудың u_1 (9 гр);3) салыстырмалы қысудың u_2 (10 гр)

2.2- Сурет 2 кестенің мәліметтеріне сүйеніп әрбір өткізудің қисығын сал.



1) созылу u (15 гр): 2) кеңеюді есепке ала созылу μ_y (16 гр.)

2.3- 2 кестенің мәліметтеріне сүйеніп әрбір өткізудің қисығын сал.

тап осы илемдеудің артынан орташа созылуды (20 гр.)

$$\mu_{\text{н\ddot{o}}} = \sqrt[n]{\mu_{\Sigma}}$$

Мұнда n — өту нөмірі .


2 кестенің есеп мәліметтері бойынша өткізген сайынғы қысылудың нақты тартылуының диаграммаларын (2.2 сурет), және созылудың нақты таратылу диаграммасын құрастырады (2.3 сурет).

№ 3 Зертханалық жұмыс. Металды пішінбіліктермен басып алу (тартып әкету)

3.1 Жалпы мәліметтер

Илемдеу процессін жүзеге асыру үшін жолақты пішінбіліктермен алу қажет. Басып алу кезінде (3.1сурет құйма кесектің (немесе жолақтың) алдыңғы шетіне Тх қажалу

күштері әсер етеді, олар пішінбіліктер жағынан итеріп шығарушы P_x реакциясын жеңеді. Бұл күштер мынадай шарт кезінде теңгеріледі $\alpha=\beta$, мұнда α — басып алу бұрышы, ал β — қажалу бұрышы қажалу коэффициентімен келесі теңдікпен $\operatorname{tg} \beta = f$, байланысты.



3.1 сурет Табиғи басып алу кезіндегі күштердің тепе-теңдігі. 3.2 сурет Жасанды басып алу кезіндегі күштердің тепе-теңдігі.

Егер басып алу сырттан зор итермелеп кіргізуші қосымша күшпен жүзеге асса, кесектің (немесе жолақтың) алдыңғы шетінің пішінбіліктерге сығылуы байқалады, және кесектің (жолақтың) шеті уатылып қажалуы да мүмкін.


3.2 суреттен бұл жағдайда реакция мен вертикаль арасындағы бұрыштың ω азаюы көрініп тұр, сол кезде $\omega < \alpha$, теңсіздігі әділ, ол басып алуға қолайлы болады. (3.3 сурет).

Илемдеудің қалыптасқан процессі оқиғасында, тепе-теңдік шарттарын қарастырғанда шақтамалы қарпу бұрышын α (3.4 сурет) толық емес, ал тек қана оның астындағы жай (элементарлы) реактивті күштердің тең әсер ететін бөлігін ескеруге тиіс.

Бірінші жақындауда лайықты ω бұрышты $\frac{\alpha}{2}$ деп қабылдауға болатындықтан, теңдік шарты $\frac{\alpha}{2} = \beta$ немесе $\alpha = 2\beta$ жуық тепе-теңдікпен сипатталады.

Осымен қалыптасқан илемдеу процессі оның бастапқы сатысына (басып алу) қарағанда жеңілрек жүзеге асады. Бірақ илемдеудің әрбір оқиғасы құйма кесекті (немесе жолақты) пішінбіліктермен табиғи басып алудан басталатын болған соң пішінбіліктердің ауызы металлға толғаннан кейін (қалыптасқан процесс) қажалу күштері артып кетеді.

Қайсыбір оқиғаларда φ бұрышының $\frac{\alpha}{2}$ дан біле тұра айырмашылығы болады. мысалы калибрлерде илемдеу жасағанда түйіскен беттің күрделілігінің арқасында бұрыш $\varphi < \frac{\alpha}{2}$ және $\frac{\alpha}{3}$ ға жетеді; салқын илемдеуде металл тойтарысына (наклёп) орайлас $\varphi < \frac{\alpha}{2}$; Соңында, кеңею құбылысына байланысты нәтижелі күш φ тің азаю жағына ауысып кетеді.



3.3 Сурет - басып алу бұрышы қажалу бұрышынан азырақ : $(\alpha < \beta)$

3.4 сурет – қалыптасқан прокаткадағы күштердің тепе-теңдігі $(\alpha = 2\beta)$

$\frac{\alpha}{\varphi}$ ті n арқылы белгілеп, басып алудан қалыптасқан процесске β_y/β_3 түрінде өткен кезде қажалу коэффициентінің өзгеруі мүмкіншілігін еске ала отырып, қалыптасқан

процесстің α барынша көп (максималды) бұрышы мен басып алудың келесі қатынасын табамыз:

$$K = \frac{\alpha_1}{\alpha_3} = n \frac{\beta_1}{\beta_3} \quad (3.1)$$

Өте қолайлы жағдайларда K мөлшері үшке жетуі мүмкін; ыстық илемдеудің кәдімгі жағдайында $K = 1,3 \div 1,8$; салқын илемдеу жағдайында $K = 2,0 \div 2,4$.

Бірақ (әсіресе соңғы өтулерде) басып алу қажалу күштерінің артықшылығымен демек $\alpha_3 < \beta_3$ кезінде өтеді. $\alpha_3 < \beta_3$ ны n арқылы белгілеп

$$K = n_0 n \frac{\beta_1}{\beta_3} \quad (3-2)$$

табамыз.

Бұл жағдайда K мөлшері одан да едәуір көп болуы мүмкін. Егер K мөлшері бірден көп болатын болса қалыптасқан процесске көшу кезінде артық қажалу күштері пайда болады, ол осыған байланысты металлдың озып шығуына жұмсалады, оның мағынасы пішінбіліктердің шығу аузында жолақтың жылдамдығы пішінбіліктердің өз жылдамдығынан артық жылдамдыққа ие болуында. Сол кезде бүкіл жолақ артық жылдамдықпен қозғалады. «Жасанды басып алу» демек $\alpha \leq \beta$ шартын сақтамай жүргізу құйма кесекті (слиток) пішінбіліктерге күшпен енгізу, немесе пішінбіліктерге конусты кесекті беру, немесе табиғи басып алудан кейін пішінбіліктерді қосымша жақындату арқылы жүзеге асыруға болады.

3.2 Илемдеу басында барынша көп (максималды) қарпу бұрышын анықтау.

Бұл тәжірибие үшін өлшемі 10x40x75мм (3.5сурет) төрт қорғасын және бір алюминии үлгісін дайындаймыз. Бір қыры 10x40 бұрышқа мұқият қажалған болуы керек. Егеумен қырларына тимей бұдырларын алу керек. (3,5сурет оң жағындағысы). Пішінбіліктерді майдан, кірден тазалау үшін құрғата сүрту керек. Бензинмен жуған тіпті жақсы. Дәл солай үлгінің алдыңғы қырын майдан тазалаған дұрыс. Содан кейін H үлгісінің қалыңдығын (3кесте.4гр.) өлшейді. Пішінбіліктерді аралығы шамамен 5мм болатындай етіп орналастырады; үлгіні үстелге қойып, ақырын (күш салмай), ағаш тақтайшаның көмегімен, алдыңғы қырымен айналып тұрған пішінбіліктерге жақындатады. Сонан соң пішінбіліктерді үлгінің жеңіл дірілі, жұлқуы білінгенше көтереді. Әрі қарай тіпті сәл ғана көтергенде пішінбіліктер үлгіні тартып әкетіп илемдейді. Илемдеуден кейін үлгінің қалыңдығын өлшеп h (3кесте.5гр.) пішінбіліктердің диаметрін біле тұра, барынша көп басу бұрышының косинусын (4кесте.7гр.) мынадай формуламен табамыз

$$\cos \alpha_{3max} = 1 - \frac{h_0 - h_1}{D} \quad (3.3)$$

Осыдан α_{3max} ды (3 кесте.8гр) анықтайды


Дәл осылай қалай басып алудың бастапқы кезеңінде

$$\alpha_{3max} = \beta, \quad (3.4)$$

3-Кесте Илемдеу басында барынша көп басып алу бұрышын анықтау

1	2	3	4	5	6	7	8	9
Үлгі нөмірі	Метал	Тәжірибе шарттары	h_0 , мм	h_1 , мм	$h_0 - h_1$, мм	$\cos \alpha_{3max}$	α_{3max} град	f

1	Қорғасын	пішінбіліктер Құрғақ, беру көрінетін жігерсіз						
2	қорғасын	жігермен беру						
4	қорғасын	Пішінбіліктер , маймен майланғандар , беру көрінетін жігерсіз						
5	қорғасын	Пішінбіліктерге , бор жағылған , беру жігерсіз						




3.5- сурет Қарпу бұрышын анықтауға арналған үлгі

қажалу коэффициенті (кесте 3, гр .9):

$$f = \operatorname{tg} \alpha_{\text{зmax}} \quad (3.5)$$

1 үлгіге ұқсас 2 үлгіні пішінбіліктерге береді, бірақ оны пішінбіліктерге үлкен жігермен қысады .



3.6-сурет Илемдеу барысында барынша көп басып алу бұрышын анықтауға арналған сына

Ал біз тәжірибелер кезінде h_0 өлшейміз және

$$\cos \alpha_{1\text{max}} = 1 - \frac{h_{0_1} - h_{1_1}}{D}, \text{ есептейміз}$$


Демек біз анықтаған $\alpha_{1\text{max}}$ бұрышы нақты барынша көп басып алу бұрышынан $\alpha_{\text{зmax}}$ азырақ болады .

3.3 Сына тәрізді үлгіні илемдеу кезінде барынша көп жанасу бұрышын анықтау

Сына түрінде қорғасыннан үлгі әзірлейді (3.6сурет). Пішінбіліктерді құрғақ етіп сүртеді және белгілі түрмен қондырады , Оның мақсаты сынаны бергенде шеті жеңіл желпі қысылуы керек. Пішінбіліктер айналғанда сынаны белгілі бір мезгілге дейін илемдейді ,

содан кейін пішінбіліктер металл бетімен тайғанай бастайды, сол кезде пішінбіліктерді тоқтатады,

Сына жуандығын екі жерден өлшейді, 3.7. суреттегідей



3.7- сурет сына илемдеуден кейін

Илемдеу барысындағы α у барынша көп бұрышын формуламен анықтайды

$$\cos \alpha_{\delta} = 1 - \frac{h_{0max} - h_1}{D} \quad (3.6)$$

α_3 -ті алдындағы тәжірибеден алып, мөлшерін анықтаймыз

$$K = \frac{\alpha_{\delta}}{\alpha_3} \quad (3.7)$$

№ 4 Лабораториялық жұмыс. Жолақтың енінің кеңеюге ықпалын жасауы

4.1 Жалпы мәліметтер

Кеңеюдің калибрлерде илемдеу жасағанда үлкен маңызы болады, жолақтар және үлкен енді жапырақтар илемдеуінде оны жоғалтады. Жолақтың ені артқан сайын көлденең деформацияның бойлай түр өзгертуге қатынасы ұдайы төмендей береді, соның салдарынан көлденең деформацияның илемдеу процессіне ықпалы азаяды. Практикада ұқсас оқиғаларда $b_1 = b_0$ болуын рұқсат етеді, демек

$$\frac{b_1}{b_0} = 1 \text{ және, демек, } \frac{h_0}{h_1} = \frac{l_1}{l_0} = \mu.$$

Көлденең деформация маңызды үлкен мөлшерге ие болған жағдайларда, оны белгілі жақындаумен, көлденең деформацияның илемдеудің әртүрлі факторларына тәуелділігін көрсететін формулалар арқылы анықтайды.

Осы уақытта осындай тәуелділікті талдау кезінде жолақтың көлемдік қысым жағдайының шарттарын еске алады. Ол үш осьтік қысыммен суреттеледі, кәдімгі жағдайда

басты бойлау кернеуі ең аз, көлденең қысым орташа, ал биіктік қысым барынша көп болады.

Металл ең алдымен кернеуі ең аз басты бойлау бағытында деформацияланады, демек қысылған металл бойлау бағытына ұмтылады.

Дәл осы себептен илемдеу кезіндегі көлемдік кернеуінің өзгеруіне байланысты факторлар көлденең деформацияның барысына ықпалын тигізеді. Дәл осылай, қысу ұлғайған сайын металлдың артық тасуының көбі созылудың ұлғаюына, азы кеңеюге (көлденең деформацияға) жұмсалады.

Көлемдік кернеудің күй-жағдайының өзгеруі әсерінен шарттың бұзылуы бір ғана деформация осімен болады. Сол жағдайда егер жолақтың енін ұлғайта берсек, басқа шарттардың тұрақты жағдайында, көлденең кернеудің ұлғаюы күрт артады, соған сәйкес ол кернеудің бойлау кернеуге қатынасының өсуі артады. Бұл кезде көлденең деформацияның қиындауы, ал бойлай деформацияның жеңілдеуі мәлім.

Қарама-қарсы, ені аз жолақтарды илемдегенде горизонтальды жазықта жұмыс істейтін негізгі кернеулердің мағыналары енді бір біріне көбірек таяу, сәйкес деформациялар мөлшерлері сияқты. Одан да еңсіз жолақтарға көшкенде, орта және ең кіші кернеулердің ауысуын байқауға болады, содан кейін көлденең деформация бойлай деформацияға қарағанда үлкен дәрежеде өседі.

Металлдың көлденең бағытта қозғалуының жеңілдеуі жолақтың енінің азаюына шамамен пропорционал болады, соған сәйкес жолақтың көлденең деформациясы өседі.

Абсолютті кеңеюді $b_1 - b_0$, енгізгенде мынаны байқауға болады, мұндай заңдылық $b_1 - b_0$ тұрақты болғанда байқалады, атап айтқанда :

$$\frac{b_1}{b_0} = \frac{b_1 - b_0}{b_0} + 1 = \frac{C}{b_0} + 1. \quad (4,1)$$

Тәжірибе көрсеткендей, кеңею $\Delta b = b_1 - b_0$ жолақтың еніне аз тәуелді болады ; ол b ен мағыналарының кең диапозонында шамамен тұрақты болады, осыған байланысты ертеректе абсолютті кеңеюдің жолақтың еніне тәуелсіздігі туралы практикалық ереже көп таралған болатын . Таза практикалық себептермен ежелден көлденең деформацияны суреттеу үшін $b_1 - b_0$ мөлшерімен пайдаланған, оны кеңею деп атаған, тек көп кешірек көлденең бағыттағы салыстырмалы деформация туралы дұрыс ұғым (салыстырмалы кеңею) енгізілген болатын.

$$b = \frac{b_1 - b_0}{b_0} \quad (4-2)$$

Немесе кеңею коэффициенті туралы

$$\beta = \frac{b_1}{b_0}, \quad (4-3)$$

Бола тұра

$$\frac{b_1 - b_0}{b_0} = \frac{b_1}{b_0} - 1$$

Егер, оңайлату үшін, цилиндрлік пішінбіліктерде илемдеуде біркелкі деформация болады деп алсақ, көлем тұрақтылық теңдеуін жолақ еніндегі бөлек элементтерге қолдана

отырып, көлденең деформация оның енімен әбден біркелкі таралатынын оп- оңай көрсетуге болады.

Элементарлы жолақтардың ені b_1 и b_2 болғанда (жолақтың бәрін пішінбіліктерден өткізуге дейін және кейін)

$$h_0 l_0 b_0 = h_1 l_1 b_1, \text{ деп жаза аламыз}$$

осыдан

$$\frac{b_1}{b_0} = \frac{h_0 l_0}{h_1 l_1}, \quad (4-4)$$

Бірақ биіктік деформация $\frac{h_0}{h_1}$ және бойлай деформация $\frac{l_1}{l_0}$ (созып шығару) бүкіл жолаққа ортақ. Демек, барлық элементарлық жолақтар үшін көлденең деформация $\frac{b_1}{b_0}$ ортақ; басқаша айтқанда , қаралатын оқиғада — жолақтың енімен тұрақты кеңею .

Шынында, $\frac{b_1}{b_0} = \text{const}$ болғанда, ие боламыз :

$$\frac{b_1 - b_0}{b_0} + 1 = \text{const}, \quad (4.5)$$


Мұнда $b_1 - b_0$ - элементарлық жолақтың кеңеюі. Оның ені b_0 .

